




Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 1 сәуірдегі
№А-4/159 қаулысына
қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің
2016 жылғы 4 шілдедегі
№А-8/333 қаулысымен
бекітілді

«Ақмола облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы) әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын дайындауда салааралық және аумақаралық үйлестіруді, мемлекеттік жоспарлау жүйесінде тұтастықты және тиімділікті қалыптастыратын, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге арналып бағдарланған және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басым саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарға жеке өз атынан түседі.

5. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының, егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының бұйрықтарымен рәсімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114Б.

9. Осы Ереже Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

10. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен Экономика және бюджеттік жоспарлау басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы

12. Мақсаттары:

- 1) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын қалыптастыру;
- 2) облыстың бюджеттік саясатын жүргізу және қалыптастыру;
- 3) стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында облыс өңірлерін дамытуды үйлестіру.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

облысты дамытудың стратегиялық мақсаттары, басымдықтары және бағыттары бойынша Ақмола облысы әкімдігінің қарауына ұсыныстар енгізуге;

Қазақстан Республикасы заңнамаларында белгіленген тәртіпте облыстық бюджетті нақтылау және түзету бойынша ұсыныстар енгізу; өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді әзірлеу;

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқарманың құзыретіне жататын іс-шаралар кешенін орындауды талап ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардан, мемлекеттік мекемелерден ақпараттар, есептер және басқа да мәліметтер сұратып алу;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген басқа да құқықтарын жүзеге асыру;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасы Президенттің, Үкіметтің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын уақытылы орындау;

өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарының, сондай-ақ осы Ереженің орындалуын қамтамасыз етеді;

құпиялылық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, экономика, бюджеттік жоспарлау мәселелеріне қатысты құжаттамамен танысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) облыстың және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының экономикалық талдауын жүзеге асыру;

2) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын, соның ішінде басым бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін дайындау;

3) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамын әзірлеу барысында облыстық атқарушы органдардың, аудандардың уәкілетті органдарының жұмыстарын үйлестіру;

4) облыс дамыту жоспарын әзірлеу;

5) облыс дамыту жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

6) облысты дамыту жоспарының іске асырылу мониторингін жүргізу;

7) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдерін Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, облысты дамыту жоспарының көрсеткіштеріне және қолданыстағы заттай нормаларға, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына сәйкес келуі тұрғысынан қарау;

8) бюджеттік бағдарламалардың жобалары, бюджеттік өтінімдерге өзгерістер мен толықтырулардың жобалары бойынша қорытындылар қалыптастыру және оларды облыстық бюджеттік комиссияның қарауына жіберу;

9) кезекті жоспарлы кезеңге облыстық бюджет жобасын дайындау, облыстық бюджетті бекіту, нақтылау кезінде облыстық бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын дайындау;

10) облыстық бюджет туралы облыстық мәслихаттың шешімін жүзеге асыру бойынша жергілікті атқарушы орган қаулысының жобасын дайындау;

11) облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттердің арасындағы үш жылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы облыстық мәслихат шешімдерінің жобасын әзірлеу;

12) облыстық бюджеттік комиссияның жұмысшы органының міндеттерін жүзеге асыру;

13) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындау;

14) бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау және іріктеу, жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық талдауын дайындау, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері мен республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен қаржыландырылуға жоспарланатын жобалардың экономикалық қорытындысын дайындау; заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу жолы арқылы бюджеттік инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуын бағалауды және мониторингті жүзеге асыру;

15) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының қорытындыларын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін (егер де концессия объектісінің құны 4 000 000 айлық есептік көрсеткішке дейін құраған жағдайда) құрастыру, Экономика және бюджеттік жоспарлау басқарманың тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасы қаражатының есебінен жүзеге асырылатын конкурстық құжаттамалардың қажетті сараптамаларын жүргізу және оларды облыстық бюджеттік комиссияның қарауына жолдау;

16) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, бюджетке түсімдерді болжауды жүзеге асыру;

17) кең тараған танымал пайдалы қазбаларға барлау, өндіру, барлау мен өндіруді бірге жүргізуге арналған келісімдердің жобаларына экономикалық сараптаманы жүзеге асыру;

18) елді мекендердің типі мен мөлшеріне байланысты халыққа объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) қолжетімділік деңгейінің қамтамасыз етілу мониторингі;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармаға жүктелген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның, алқалы органдардың (бар болса) бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына басшылықты, жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

16. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы облыс әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

17. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

18. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарлары мен бөлім басшыларының міндеттерін және өкілеттіктерін айқындайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкерлерін және материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) жергілікті атқарушы органмен бекітілген шектеулі құрылымын, штаттық кестесін дайындайды және бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының өкілі болады;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар жүргізуге міндетті және ол үшін жеке жауапкершілік береді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүргізеді.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

19. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.



Приложение
к постановлению акимата
Акмолинской области
от 1 апреля 2022 года
№А-4/159

Утверждено
постановлением акимата
Акмолинской области
от 4 июля 2016 года
№А-8/333

**Положение о государственном учреждении
«Управление экономики и бюджетного планирования
Акмолинской области»**

Глава 1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Управление экономики и бюджетного планирования Акмолинской области» (далее - Управление экономики и бюджетного планирования) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере межотраслевой и межрегиональной координации разработки основных направлений социально-экономической политики, формирования целостной и эффективной системы государственного планирования, ориентированной на достижение стратегических целей и реализацию приоритетных задач социально-экономического развития области.

2. Управление экономики и бюджетного планирования осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

3. Управление экономики и бюджетного планирования является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, счета в органах казначейства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

4. Управление экономики и бюджетного планирования вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

5. Управление экономики и бюджетного планирования имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

6. Управление экономики и бюджетного планирования по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя Управления экономики и бюджетного планирования.

7. Структура и лимит штатной численности Управления экономики и бюджетного планирования утверждаются в соответствии с действующим законодательством.

8. Местонахождение юридического лица: 020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Кокшетау, улица Абая, 114Б.

9. Настоящее Положение является учредительным документом Управления экономики и бюджетного планирования.

10. Финансирование деятельности Управления экономики и бюджетного планирования осуществляется из местного бюджета.

11. Управлению экономики и бюджетного планирования запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями Управления экономики и бюджетного планирования.

Если Управлению экономики и бюджетного планирования законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то полученные доходы направляются в государственный бюджет, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан.

Глава 2. Задачи и полномочия государственного органа

12. Задачи:

- 1) формирование стратегических целей, приоритетов и основных направлений социально-экономического развития области;
- 2) формирование и проведение бюджетной политики области;
- 3) координация развития регионов области в сфере стратегического, экономического и бюджетного планирования.

13. Полномочия:

1) права:

вносить на рассмотрение акимата Акмолинской области предложения по стратегическим целям, приоритетам и направлениям развития области;

вносить на рассмотрение акимата Акмолинской области предложения по уточнению и корректировке областного бюджета в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

в пределах своей компетенции разрабатывать правовые акты;

запрашивать информацию и получать отчеты и другие сведения от государственных органов, государственных учреждений, финансируемых из местных бюджетов, предусмотренных законодательством Республики

Казахстан, требующиеся для выполнения комплекса мероприятий, входящих в компетенцию Управления экономики и бюджетного планирования; осуществлять иные права, возложенные на Управление экономики и бюджетного планирования законодательством Республики Казахстан;

2) обязанности:

своевременно исполнять акты и поручения Президента, Правительства и иных центральных исполнительных органов Республики Казахстан, а также акима и акимата области;

обеспечивать исполнение требований действующего законодательства Республики Казахстан, а также настоящего Положения при осуществлении своей деятельности;

с учетом соблюдения режима секретности, коммерческой и иной охраняемой законом тайны знакомиться с документацией, относящейся к вопросам экономики, бюджетного планирования;

осуществлять иные обязанности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

14. Функции:

1) осуществление экономического анализа социально-экономического развития области и регионов;

2) разработка Прогноза социально-экономического развития области, в том числе перечня приоритетных бюджетных инвестиционных проектов;

3) координация работы исполнительных органов области, уполномоченных органов районов при разработке прогноза социально-экономического развития области;

4) разработка Плана развития области;

5) разработка Плана мероприятий по реализации Плана развития области;

6) проведение мониторинга реализации Плана развития области;

7) рассмотрение бюджетных заявок исполнительных органов, финансируемых из областного бюджета на соответствие бюджетному и иному законодательству Республики Казахстан, прогнозу социально-экономического развития, показателям Плана развития области и действующим натуральным нормам, проектов бюджетных программ администраторов бюджетных программ на предмет их соответствия функциям, полномочиям, направлениям деятельности администратора бюджетных программ;

8) формирование заключений по проектам изменений и дополнений в бюджетные заявки, проектам бюджетных программ, направление их на рассмотрение бюджетной комиссии области;

9) разработка проекта областного бюджета на очередной плановый период, подготовка проекта решения маслихата об областном бюджете при его утверждении, уточнении;

10) разработка проекта постановления местного исполнительного органа о реализации решения областного маслихата об областном бюджете;

11) разработка проекта решения областного маслихата об объемах

трансфертов общего характера между областным бюджетом и бюджетами районов (городов областного значения) на трехлетний период;

12) осуществление функций рабочего органа бюджетной комиссии области;

13) определение лимитов расходов администраторов бюджетных программ, лимитов на новые инициативы;

14) рассмотрение, отбор и осуществление мониторинга и оценки реализации бюджетных инвестиционных проектов, бюджетных инвестиций посредством увеличения уставного капитала юридических лиц, подготовка экономического заключения местных бюджетных инвестиционных проектов, в т.ч. на проекты, реализуемые в рамках государственно-частного партнерства, а также проектов, планируемых к финансированию за счет местного бюджета, целевых трансфертов на развитие и кредитов из республиканского бюджета;

15) формирование заключения проектов государственно-частного партнерства, перечня проектов государственно-частного партнерства (в случае, если стоимость объекта концессии составляет до 4 000 000 месячных расчетных показателей), проведение необходимых экспертиз конкурсных документаций которых осуществляется за счет средств соответствующей распределяемой бюджетной программы Управления экономики и бюджетного планирования, и направление их на рассмотрение бюджетной комиссии области;

16) осуществление прогнозирования поступлений бюджета с учетом прогноза социально-экономического развития области;

17) осуществление экономической экспертизы проектов контрактов на проведение разведки, добычи, совмещенной разведки и добычи общераспространенных полезных ископаемых;

18) мониторинг обеспеченности уровня доступности объектов и услуг (благ) населению в зависимости от типа и размера населенных пунктов;

19) осуществление иных функций, возложенных на Управление экономики и бюджетного планирования законодательством Республики Казахстан.

Глава 3. Статус, полномочия первого руководителя государственного органа

15. Руководство Управлением экономики и бюджетного планирования осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Управление экономики и бюджетного планирования задач и осуществление им своих полномочий.

16. Первый руководитель Управления экономики и бюджетного планирования назначается на должность и освобождается от должности распоряжением акима области.

17. Первый руководитель Управления экономики и бюджетного

планирования имеет заместителей, которые назначаются на должности и освобождаются от должностей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

18. Полномочия первого руководителя Управления экономики и бюджетного планирования:

определяет обязанности и полномочия своих заместителей, руководителей отделов, специалистов;

в соответствии с законодательством Республики Казахстан назначает на должности и освобождает от должности работников Управления экономики и бюджетного планирования;

в установленном действующим законодательством Республики Казахстан порядке решает вопросы поощрения, оказания материальной помощи, наложения дисциплинарного взыскания на сотрудников Управления экономики и бюджетного планирования;

утверждает структуру, штатное расписание Управления экономики и бюджетного планирования в пределах лимита штатной численности, утвержденной местным исполнительным органом области;

представляет Управление экономики и бюджетного планирования во всех государственных органах и иных организациях в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

принимает меры по противодействию коррупции и несет за это персональную ответственность;

осуществляет иные полномочия в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Исполнение полномочий первого руководителя Управления экономики и бюджетного планирования в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

19. Первый руководитель определяет полномочия своих заместителей в соответствии с действующим законодательством.

Глава 4. Имущество государственного органа

20. Управление экономики и бюджетного планирования может иметь на праве оперативного Управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством.

Имущество Управления экономики и бюджетного планирования формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

21. Имущество, закрепленное за Управлением экономики и бюджетного планирования, относится к коммунальной собственности.

22. Управление экономики и бюджетного планирования не вправе

самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

Глава 5. Реорганизация и упразднение государственного органа

23. Реорганизация и упразднение Управления экономики и бюджетного планирования осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
 ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Тірілген/пронумеровано
 Нөмірленген/пронумеровано
 Мермен-бекітілген/скреплено печатью
 Барлығы 11 (он бір) парақ
 На 11 (он бір) листе листах

БАРЛЫҚ НӨМІРЛЕНГЕНІ
ТІРКЕЛГЕНІ
 11 (он бір)

20 22 ж. " 15 " сәуір

